

Қазақстан Республикасының халқына біржолғы ақшалай өтем төлеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 17 қарашадағы N 1566. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1224 қаулысымен

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1787, "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 2143 Қазақстан Республикасының Заңдарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі он күн мерзім ішінде " 1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығының 36-бабында көзделген қаражатты Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне аударуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Халықтық банкімен тиісті агенттік келісім жасап және оған алынған қаражатты аударып, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген біржолғы ақшалай өтемнің төленуін жүргізсін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері үстіміздегі жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Халықтық банкісіне елді мекендер тұрғысында және тиісті Заңдар бойынша төленуге жататын сомаларын көрсете отырып, біржолғы ақшалай өтем алуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін түсірсін.

4. Қазақстан Республикасының Халықтық банкі есеп айырысудың 1996 жылғы 1 сәуірге дейін аяқталатынын назарда ұстап, түсірілген тізімдердің негізінде азаматтарға біржолғы ақшалай өтемді кезең-кезеңімен төлеуді ұйымдастыру үшін жеке шоттар ашатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Халықтық банкімен бірге, белгіленген мерзімдерде, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне біржолғы ақшалай өтемдердің төленген сомалары туралы есеп түсірсін.

6. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1995 жылғы 20 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының аталған Заңдарында көзделген жеңілдіктердің тізбелерін нақтылау жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК